

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**

---

Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
**СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

## **ТЕМІР ЖОЛДАР ҮШІН ЖЕР ТЕЛІМДЕРІН БӨЛУ**

---

### **ОТВОД ЗЕМЕЛЬ ДЛЯ ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ**

**ҚР ЕЖ 3.03-116-2014**

**СП РК 3.03-116-2014**

Ресми басылым  
Издание официальное

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық істері және жер  
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно–коммунального  
хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства  
национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ГеоДата Плюс» ЖШС
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 БЕКІТІЛІП,  
ҚОЛДАНЫСҚА  
ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ГеоДата Плюс»
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН (Ы)  
И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

## МАЗМҰНЫ

### КІРІСПЕ

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	1
2. НОРМАТИВТІК НҰСҚАУЛАР.....	1
3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	2
4. ТЕМІРЖОЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕР БҰРУ АЛҚАБЫН ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ .....	3
А ҚОСЫМШАСЫ ( <i>ақпараттық</i> ) Бастапқы деректерді жинақтау мен талдау нысандары .....	24

**КІРІСПЕ**

Осы ережелер жинағы Қазақстан Республикасының құрылыс саласының нормативтік-техникалық базасын реформалау негізінде дайындалған әрі соның ішінде ресми танылған және іс жүзінде ақталған ережелер, қағидаттар мен қолайлы шешімдердің нормаланатын көрсеткіштері бар. Олар Қазақстан Республикасының заңының, техникалық регламенттердің, табиғат қорғау шараларының міндетті талаптардың және құрылыс нормаларының орындалуын, теміржол салу (қайта құру, жаңалау) мақсатындағы жобаның жер бұру алқаптың жобалау тармағын әзірлеу кезіндегі жұмыс мінездемесінің ең төмен параметрінің қажетті тіркестерін есепке алғанда, қаматамасыз етеді.

Осы ережелер жинағы Қазақстан Республикасының нормативтік құжаты ретінде ерікті негізінде қолдану мақсатында іске енгізіледі.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**  
**СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН****ТЕМІР ЖОЛДАР ҮШІН ЖЕР ТЕЛІМДЕРІН БӨЛУ****ОТВОД ЗЕМЕЛЬ ДЛЯ ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ**

Іске енгізу күні 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

1.1 Осы ережелер жинағын келесі жағдайларда қолдану қажет: трассаны таңдауда жер телімінің жобасын ұсыну, жаңа теміржол желісінің қорғау аймағы мен жер бұру алқабын пайдалану, істегі желілерді, Қазақстан Республикасының теміржолдың бөлек құрылыстарын және құрылғыларын нығайту (қайта құру).

1.2 Істегі теміржол желісін нығайту мен жаңа теміржол желісінің жобасын дайындау, сонымен қатар, олардың бөлек құрылыстары мен құрылғыларын нығайтуы Қазақстан Республикасының теміржол техникалық қолдану ережелері, стандарттары мен нормативтік құжаттарының тиісті талаптарына сәйкес болу керек.

1.3 Сондай-ақ осы нормалар теміржол көлік аймағының атқарушы өкіметінің келісімімен сыртқы теміржол кірме жолдарына тиісті.

**2 НОРМАТИВТІК НҰСҚАУЛАР**

Осы ережелер жинағын қолдану үшін келесі нұсқау нормативтік құжаттары қажет:

2003 жылғы 9 шілдедегі N 481 Қазақстан Республикасының Су Кодексі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі.

2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-II ЗРК Қазақстан Республикасының Жер Кодексі.

2003 жылғы 8 шілдедегі N 477 Қазақстан Республикасының Орман Кодексі.

2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212-III Қазақстан Республикасының Экология Кодексі.

2001 ж. 16 шілдедегі № 242-II Қазақстан Республикасының "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" заңы.

2011 жылғы 01 наурыздағы № 413-IV Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" заңы.

ҚР ҚНжЕ 3.01.-01-2008\* «Қала құрылысы. Қалалық пен ауыл қоныстарын жоспарлау мен салу».

Қорғау аймақ жердің көлемін анықтау мен пайдалану және бұру алқапындағы теміржол көлік мұқтаждықтары жөнінде жерлерді пайдалану туралы ережелер (2004 жылғы 23 шілдедегі N 284-I Қазақстан Республикасының Көлік пен коммуникация министрлігінің бұйрығымен бекітілген, 2004 жылғы 6 тамызында N 2989 Әділет Министрлігінде тіркелген).

**Ресми басылым**

## ҚР ЕЖ 3.03-116-2014

Ескерту - Осы ережелер жиынтығын қолданған кезде сілтеме нормативтік құжаттардың әр жыл сайын шығарылатын (басылатын) ақпараттық тізімдер және нұсқағыштар бойынша ағымдағы жылға және лайықты ай сайынғы шығарылған ағымдағы жылда жарияланған ақпараттық бюллетеньдер және нұсқағыштар іске асырылуын тексеру жөн.

Егер нұсқау құжаты ауыстырылып немесе өзгерген болса, онда осы ережелер жинағын қолданған кезде сол өзгерген немесе ауыстырылған құжатты негізге алу тиіс.

Егер нұсқау құжаты ауыстырылымсыз күші жойылған болса, онда сол құжатқа нұсқау берілген қағидада тек сол нұсқауды ескертпейтін тараулары ғана қолданылады.

### 3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережелер жинағында келесі терминдер мен анықтамалар қолданылған:

**3.1 Сыртқы теміржол кірме жолдары** – ортақ пайдалануға арналмаған жолдар, олар кәсіпорындардың жүктерін тасымалдау үшін арналған әрі жалпы желінің тұтасу станциясын өнеркәсіп станциясымен байланыстырады, ал оның жоқ болу кезінде тиеу-түсіру жолдарымен немесе ішкі теміржолдардың бірінші тармағының бағыттамалы ауыстырыуымен.

**3.2 Жер төсемі** – сыртқы топырақ пен жер қыртысын жер төсемінен бұруды қамтамасыз ететін үйме, оймақ, су бұрулар түріндегі және табиғи геофизиялық процестерден қорғайтын инженерлік құрылымдар мен жер төсемі түбінің тиянақтылығын күшейтетін шаралар ретіндегі теміржолдар алқаптарының жер құрылымдардың жиынтығы. Жер төсемі теміржолдың берілген жүк кернеулігі үшін үстіңгі құрылымның тиянағын және поезддердің қимыл жылдамдығының есебін қамтамасыз етуі тиіс.

**3.3 Жер пайдаланудың ерекше шарттары бар зоналар** - Зоналардың орнатуының мақсаттарына сәйкес келмейтін қызметтер түрлері бар зоналар. Жер пайдаланудың ерекше шарттары бар зоналарына мыналар жатады: теміржолдардың бұру алқаптарымен іргелес тасқын қауіпті, көшкін қауіпті, теміржолдардың бұру қорғау орман зоналар.

**3.4 Теміржол инфрақұрылымы** – көпір, тоннель және басқа көлік құрылымдардың жол айырымын, жол өтпесін, реттеуіш сигналды жабдықтардың, байланыстың, көлік жұмысын инженерлік қамтамасыз ететін объектілердің, көлік жөнінде қызмет көрсетудің, ауыстырылатын жүктердің, жолаушылардың, өндірістік және қызмет атқарғыш персоналдың функциялық қызметінің қамсыздандыруларының, қойма бөлмесінің және аумақтардың, санитарлық-қорғау және күзет зоналардың кешендерін қоса алғанда теміржолдар жиынтығы. Сонымен қатар, теміржолмен заңмен бекітілген, олардың қолданудағы жылжымалы мүлік объектілерін қоса алғанда.

**3.5 Қорғау зоналары** – жер пайдаланудың ерекше шарттары бар теміржол көлігінің мұқтаждықтары үшін жер бұрудың алқабына іргелес жер учаскелері, олардың шегінде зоналардың орнатуымен келіспейтін қызмет түрлеріне шектеу немесе тыйым салынады.

**3.6 Бұру алқабы** – теміржол көлігінің жерлері, олардың шегінде магистральді, станциялық және кіру жолдары, сонымен қатар олардың қызмет етуіне керекті ғимараттар мен құрылымдар.

**3.7 Регламенттер** – аймақтарды (жер учаскелерін) және басқа жылжымалы объектілерді, сонымен қатар кез келген олардың заңмен бекітілген жағдайының заңмен бекітілген өзгертулерді пайдалану тәртіптері, рұқсаттары мен шектеулері (ауыртпалық, тыйым салу және сервитуттер).

**3.8 Сервитут** – жат жерді мақсатты пайдалануға шектеулі құқық.

## 4 ТЕМІРЖОЛДАРДЫҢ ЖЕР БҰРУЫН ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

### 4.1 Жалпы ережелер

4.1.1. Теміржол көлігінің мұқтаждықтарына арналған жерлерге мына жерлер жатады:

1) магистральді алқаптар және солармен техникалық байланыстағы құрылыстар мен құрылымдар (теміржол төсемі, көпірлер, тоннельдер, виадуктер, сигналды жабдық, қызмет-техникалық ғимарат);

2) кіру жолдары;

3) теміржол бекеттері (вокзалдар) теміржол көлігіне қызмет етудің арнайы мақсаты бар ғимараттармен бірге, энергетикалық құрылымдармен, локомотивтік, вагонды, алқаптық және жүк шаруашылығымен, сумен қамтамасыз ету және канализациямен, қорғау және күшету құрылымдарымен, қызмет және басқа объектілерімен бірге.

4) теміржолдардың қорғау зоналары мен бұру алқаптары;

5) концессия келісім-шарттары бойынша теміржол жолдары мен теміржол көліктерінің объектілері.

4.1.2. Теміржол көлігінің мұқтаждықтарына арналған жер учаскелері жобалық-техникалық құжаттама бойынша және теміржолдардың жолдары мен станциялардың даму кестелері бойынша бекітілген тәртіптің нормативтеріне сәйкес ұсынылады.

4.1.3. Теміржол көліктері объектілерінің құрылыстары үшін алдын-ала жер учаскелерін таңдау іске асырылады, ол таңдау орындау органдарымен өзінің жер ұсыну құзыретінің шегінде шығарылған арнайы комиссия арқылы жүзеге асырылады.

4.1.4. Суармалы ауылшаруашылық қоныстардың, тәжірибелі алаңдардың жерлерін және ғылыми-зерттеу мен ауылшаруашылық, биологиялық және ирригациондық-малиоративтік, балық шаруашылық профильдерінің оқу орындарының, орман мен су қорлардың айналыстан шығарылуы тек төтенше жағдайларда ғана рұқсат. Ондай жағдайларға басқа орналастыру варианттардың жоқтығы ғана жатады.

Атап айтылған жерлерде трассаны қиып тартуға ұсыныс жоқ.

4.1.5. Объектті салу мақсатындағы жер учаскесін таңдау нәтижелері, ал қажет кездерде оның күзет және санитарлық-қорғау зоналарын орнату аймақтың уәкілетті органымен дайындау (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың), ауданның (аймақтық маңызы бар қаланың) жер учаскесін таңдау актісі бойынша жүзеге асырылады. Сондай актілерге әр жер учаскесінің шекарасының жобалары сәйкес келген таңдау варианттарымен тіркеледі.

4.1.6. Жер учаскелерін таңдау актілері мен жер учаскелерінің шекаралары жөніндегі жобалар арнайы комиссияға қарастыруға және қорытынды жасау үшін ұсынылады. Сол комиссияның қорытындысы бойынша жерге құқық беретін жерқұрылыстық жобасы дайындалады.

4.1.7. Жерқұрылыс жобасының құрамында берілетін жер учаскенің көлемі, шекарасы мен тұрған орны, іргелес иелер, иелер, сонымен қатар ұсынылатын жер учаскесінің ауыртпалығы мен сервитуттері айқындалады.

4.1.8. Шамаланған айнасылстан алу жағдайында, ықтиярсыз жер учаскелерін меншіктен шығару кезінде, сонымен қатар сатып алу әдісімен, мемлекеттік мұқтаждықтар

### ҚР ЕЖ 3.03-116-2014

үшін жер учаскелер иелерінің және жер пайдаланушылардың шығын есептері, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығының шығындары меншіктен алынатын жердің түріне сәйкес ұсынылады.

4.1.9. Жер құрылыстың жобасы бойынша жер учаскелерінің орналасу жер ауданының (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аймақтық маңызы бар қаланың) өкілетті органымен жер учаскесіне құқық беру жөнінде шешім жобасы дайындалады.

4.1.10. Қызметтің және нысанның қанаушылығының қамсыздандыруына арналған жерлер, соның ішінде теміржол жолдары, көліктің жерлеріне жатады. Теміржол көлігінің объектілерінің даму, құрылыс және қайта құрылу шарттарын іске асыру мақсатында жерлерді резервтеу Қазақстан Республикасының Көлік туралы заңына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

4.1.11. Теміржол көлігінің мұқтаждықтарына арналған жерлерге мына жерлер жатады: магистральді алқаптар және солармен техникалық байланыстағы құрылыстар мен құрылымдар (теміржол төсемі, көпірлер, тоннельдер, виадуктер, сигналды жабдық, қызмет-техникалық ғимарат); кіру жолдары; теміржол бекеттері (вокзалдар) теміржол көлігіне қызмет етудің арнайы мақсаты бар ғимараттармен бірге, энергетикалық құрылымдармен, локомотивтік, вагонды, алқаптық және жүк шаруашылығымен, сумен қамтамасыз ету және канализациямен, қорғау және күшейту құрылымдарымен, қызмет және басқа объектілерімен бірге, теміржолдардың қорғау зоналары мен бұру алқаптары.

4.1.12. Жерді пайдалануға құқығы – сервитуті бар ұлттық оператор ретіндегі жер пайдаланушы, мүдделі жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларға жерді пайдалануға құқығы бар - сервитут мақсатты пайдалануға шектеулі пайдалану құқығын ұсыну керек, инженерлік желілердің көшу пайдалануын және қызмет етуді іске асыру үшін (байланыс желілерін, магистральді су таратқышын және канализациондық коллекторларды және басқа құбырларды).

4.1.13. Жат жер учаскесін уақытша пайдалану құқығы (сервитут) нормативтік құқылық атқитінен, мүдделі мүшенің иелігімен немесе жер пайдаланушымен келіскен келісім-шарт негізінде және жергілікті орындау органының актісі негізінде, сот шешімі негізінде, басқа Қазақстан Республикасының заңымен қарастырылған жағдайлар негізінде пайда болады. Егер нормативтік құқылық акті сервитуттың орнатуын мүдделі тұлғаның иелігімен немесе жер пайдаланушымен келіскен келісім-шарты бойынша дайындалған болса, онда соңғы тұлғаның келісім-шарттан бас тартуы (иесімен немесе жер пайдаланушымен ұсынылған келісім-шарт шарттары), мүдделі тұлға сот тәртібі арқылы талап ұсыну жолымен шешуге құқылы.

4.1.14. Бөлу алқабының шегінде мүдделі тұлғаларға сервитут инфрақұрылым ұлттық операторымен келіскен құрылыс үшін инженерлік коммуникацияларды, жол алқаптарын, көшулерді, байланыс желілерін, электр беру, мұнай -, газ құбырын және басқа теміржол жолымен қиылысатын немесе оның бойындағы объектілерді пайдалану үшін ұсынылады.

4.1.15. Жер учаскесін пайдалану шектеулі құқықтың субъектісі жеке иеге сервитутпен байланысты барлық шығындарды өтеуге тиіс.

4.1.16. Жер учаскесін және оған деген пайдалану құқығын иенің айналысынан шығару, және өтеу алуды қоса алғанда, жер пайдаланушының келісімінсіз рұқсат

етілмеіді, мына жағдайлардан басқа: сатып алу жәдісімен мемлекеттік мұқтаждықтары үшін ықтиярсыз айналыстан шығару.

4.1.17. Ерекше пайдалану шарттары бар зоналарға жататын жерлерде арнайы таңбамен белгіленеді. Осы зоналардың шекарасы және олардың шегіндегі жер пайдалану тәртібі нормаларға және жобалық-техникалық құжаттарына сай меншікке және пайдалануға беру құқығы туралы шешім қабылдаған органымен белгіленеді.

Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында және теміржол көліктерінің мұқтаждықтарына арналған жер бұру алқабына іргелес жер учаскелердегі объектілерді қауіпсіз пайдалану үшін, ерекше пайдалану шарттары бар күзет зоналары орнатылады, олардың шегінде зоналарды орнату мақсаттарымен үйлеспейтін қызмет түрлері шектеулі немесе тыйым салынған.

4.1.18 Теміржол көлігінің күзет зоналарына мыналар жатады: құрылыстың, құрылыстардың көліктің басқа объектілерінің беріктілігі мен тұрақтылығын сақтауын қамтамасыз етуге қажетті және қауіпті тасқын және көшкін жүретін жерлер және басқа да қауіпті әсер ететін жерлерде орналасқан теміржол көлігінің бұру сызығына жалғасатын жер учаскелері

4.1.19 Күзет зоналары меншік иелерінің және пайдаланушылардың жерлерін айналыстан шығарудан тыс анықталуы мүмкін, егер олар уақытша теміржол жолдардың құрылысы кезінде талап етілмеген болса.

## **4.2 Теміржол көлігінің мұқтаждықтарына арналған жер телімдерді таңдау мен бұруы жөніндегі негізгі қағидалар**

4.2.1. Теміржолдарға арналған жерлерді таңдау, ұсыну мен пайдалану кезінде келесі құжаттардың қағидалары сақталуы тиіс: Қазақстан Республикасының Жер Кодексі, Қазақстан Республикасындағы Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңы, Қазақстан Республикасының Экология Кодексі, істегі қағидалар мен басқа нормативтік құқықтық актілер.

4.2.2. Теміржолдар табиғи-техникалық жиынтық жүйе ретінде жобаланады, құрылады әрі пайдаланылады, олардың функционалды сенімділігі жолдар құрылысымен бірге құрылыстырылатын қажетті инфрақұрылымымен және жол шаруашылықтың пайдалану қорымен қамтамасыз етіледі.

4.2.3. Теміржолдың міндетті инфрақұрылымына мыналар жатады: станциялар мен тораптар, жолаушылар, жүк, сапарлық, локомотивтік, және вагондық шаруашылықтың жабдықтары мен құрылымдары, сумен жабдықтау, канализациялар, жылумен жабдықтау құрылымдары мен желілері, тартымды және тартымсыз пайдаланушылардың электр жабдықтаулары, электрофикация құрылымдары мен жабдықтар, сигнализациялар, орталықтандырулар мен блоктаулар (СОБ), байланыс пен теміржол көлігінің автоматтындырылған менгеруі; ауылдың желілік және түйінді бөлек пунктардағы қызмет-техникалық, тұрғын әрі қоғамдық ғимараттар, өртке қарсы талаптардың және төтенше жағдайдағы жол жұмыстың арнайы құрылымдары мен жабдықтары.

### ҚР ЕЖ 3.03-116-2014

4.2.4. Теміржол шаруашылығының жабдықтары мен құрылымдары технологиялық жобалау саласының талаптарына сәкес болуы тиіс.

Теміржол шаруашылығының объектілерінің құрылыс бөлігі және олардың инженерлік жабдықтары сәйкес нормалардың, ережелердің және мемлекеттік стандарттарының талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

4.2.5. Теміржолдардың төсемінің құрылымы кезінде келесі іс-шаралардың жиынтығын қарастыру керек: ауа, су және жер бетіндегі қоршаған ортаны қорғау; жер мен тау тұқымының су-жылу тәртібінің минималды өзгеруін қамтамасыз ету; гравитациялық пен биохимиялық тепе-теңдік, сонымен қатар жануарлар мен өсімдік әлемін қорғау. Жобаларда тарихи, этнографиялық, сәулет және басқа ескерткіштерді сақтау жөніндегі техникалық шешімдер әзірленуі керек.

4.2.6. Табиғи ландшафтың бұзылған орындарының санын азайту мақсатында мезгілдік бұрманың тілкеміндегі карьердің және резервтердің ашылуна тыйым салынады, ал топырақты, дренаждайтын және тас материалдарды тауып шығаруды ойықтарды кеңейту арқалы қамтамасыз ету керек.

4.2.7. Істе қолданудағы теміржолдарды күшейту (қайта құрастыру) және жаңа теміржолдарды салу, қосымша негізгі жолдарының, тораптардың дамуының, ірі станциялардың, депо және басқа ірі құрылымдардың қажеттілігін ТЭО негізінде тағайындау керек.

4.2.8. Кіру жолдарын өнеркәсіптік тораптардың бас жоспарының схемаларымен, өнеркәсіптік аймақтардың теміржол көлігінің комплекстік даму схемаларымен, аймақтық жоспарлау жобаларымен, қалалардың және басқа елді мекендердің салуымен, жалпы желінің ең таяу теміржолдардың дамуы және өнеркәсіптік кәсіпорындардың ішкі жолдарының схемаларымен үйлестіріп жобалауы керек, қызмет көрсетілген аймақтың әлеуметтік-демографиялық шарттарын есепке алғанды.

4.2.9. Жобалық шешімінің нұсқасын таңдау кезінде теміржолдардың пайдалану шарттарын, белгіленген өндіру тәсілдерін, құрылыс жұмыстарының мерзімін, елге қызмет көрсету шарттарын, іргелес аймақтың өнеркәсіптік пен ауыл шаруашылығын, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды, климаттық және басқа жергілікті ерекшеліктерді есепке алу керек.

4.2.10. Жаңа теміржол жолының бағыты мен трассасының жобалауында келесі іс-әрекет пен шараларды қолдану керек: трассаны айрықша ормансыз су айрықта өткізу, жел эрозиясын шарлау мақсатында резервтерді ұсақ және шаң құмдарда үйіп тастамау, жертезек-мүк өсімдік жабынды сақтау жөніндегі шараларды қарастыру. Балық шаруашылық маңызы бар суағыстарда мына шаралар қамтамасыз етілу керек: балықтың уылдырық шашатын орындарға көшу жолдарын сақтау, гидромеханизация уақытында және көпірдің тіректерін құрастыру кезінде суды лайланудан қорғау. Жаппай уылдырық шашу және балықтардың қыстау, көшу орындарында гидро-механикалық жұмыстарын жүргізуге және балықты емес объектілерге ұдайы өндіріске тыйым салынады.

4.2.11. Жобаланатын теміржолдың негізгі параметрлері мен оның негізгі бағытын техникалық-экономикалық нәтижелері бойынша болашақтағы алғашқы шығындарды үнемдеуді әрі жүк тасу салмағының көбеюіне қарай кезеңмен жолдың күшейтуін есепке алып орнату керек.

Жер телімінің өлшемі, бұру алқаптарын қосып алғанда, жер телімінің істегі бұру

нормаларының негізінде жобалық құқықпен және теміржолдардың қорғау зоналардың емеп нормаларымен анықталады, олар теміржолдардың бұру сызығын қалыптастыру үшін керек.

Жер учаскесінің ені теміржол жолын салу шарттарына тәуелді (үйменің үстінде немесе оймағында), сонымен қатар аймақтың табиғи ерекшеліктерді қоса алғанда.

4.2.12. Теміржолдардың жер төсемінің алғашқы ені жер аралығында және бөлек пунктерінде, көпір тіреулердің ені, сонымен бірге басқа да техникалық параметрлері сияқты (жолдың үстіңгі құрылыстың типі, жанасқан желінің тіреуіш құрылмасының қуаты, қызмет-техникалық, пассажирлік, өндірістік негізгі көлемі, сонымен қатар қайта ұзындатылған немесе төселінген қабылдау-жіберу жолдардың пайдалы ұзындығы) барлық категориядағы сызықтарында пайдалану шарттарына қарай (алдағы даму мүмкіндіктерін есепке алғанда) 10 жылдық есеп мерзіміне орнатылады.

Ескерту - Пайдаланудың 15 жыл аралығында екінші жолдардың құрылысын жүргізу қажеттілігі пайда болған жағдайда, жер төсемі мен көпір тіреулері екі жолдың астына да құрылады.

4.2.13. Жобаларда станциялардағы және жер аралықтарда жылдамдық жоладрдың қоршауларын алдын ала ескерту керек; станциялар мен барлық категорияларға жататын теміржол учаскелердің қоршауларының қажеттілігі жобамен анықталады.

4.2.14. Жобаларда материалды базаны даму мен жасау шығындарын құрылымдардың тұрақтандырылуының түгел кезең аралығында болжауланған жөндеу жұмыстарды алдын ала ескерту керек (топырақ, тас және құма крьерлерін ашу).

4.2.15. Қар борасындарға тап болатын аймақтарда теміржолдарды жобалау кезінде мүмкіншілігінше келесі ережелрді есте сақтау керек:

- 1) оймақ біліктерінің бейімделуін шарлау, сонымен қатар жел борандары көп станцияларының бойын;
- 2) нашар ойлы-қырлы жерлерде теміржол жолын қар жинау аландарының желсіз шекараларында орналасқан айрықша қар үрлеп тастау зоналарында тарту;
- 3) басқа тең шарттарда жел жақты баурайында жолды тарту, сонымен қатар су айрықтарда;
- 4) қатты ойлы-қырлы тау жерінде трассаны аңғардың шұғыл баурайынан 50 м кем емес қашығында тарту;
- 5) түсіңкі жерлерді ең қысқа бағытпен трассамен қию (шұңқыр, жыра, сай, бөрене), ал бағыттас төмендеулерді ық жақтан айналып өту.

4.2.16. Теміржолдарды құм күртікке ұшырағыш жерлерде жобалау кезінде мүмкіншілігінше келесі ережелерді сақтау керек:

- 1) трассаны қимылды құмның ең белсенді массасынан айналма жолмен тарту, шағылқұм төмендеулердің рельеф формаларының бойында; рельеф формаларын кесіп өту үшін ең төмен «ершіктерді» таңдау;
- 2) оймақ құрылғыларын шарлау, трассаны істегі рельеф формаларына енгізу, олардың даму шарртарын бұзбай;
- 3) бағыттас орман алаптар мен тал-шіліктердің қорғау қасиеттерін максималды қолдану;
- 4) транзит зонасындағы сызықтарды, дефляцияда немесе құмдардың тербемелі

### ҚР ЕЖ 3.03-116-2014

козғалыс кезінде, олардың 10% қамтамасыз етілуімен әрі құмға қарсы құрылымдарды орнатумен, құм жинау бассейндердің қиылысы мен минималды дамуымен тарту;

4.2.17. Инженерлік коммуникациялардың бұру алқабының, жол өтпелердің, өткелдердің, байланыс желілері мен электр берулердің, мұнай-, газ құбырлары мен темір жолды кесіп өтетін басқа да объектілер жолдарының (немесе олардан тікелей жақын орналасқан құрылыстардың) орналастыру мен құрылыс шегіндегі жағдайлары мемлекеттік стандарттарға және нормативтік құқылық актілерге сәйкес олардың иелері мен магистральдік темір жол желілерінің операторлар арасындағы келісімдерімен анықталады.

4.2.18. Бұру алқабы шегінде магистралды теміржол желісінің операторы мен тасымалдау процесінің қатысушылары міндетті: жер учаскелерді тиісті мақсатты пайдалану; жерге табиғи объектісі ретінде зиян тигізбеу; жер учаскелерін дефляциядан және эрозиядан сақтау шараларын қолдану; өртке қарсы және басқа да жерді қорғау шараларын жүзеге асыру. Қазақстан Республикасының заңнамаларымен алдын ала ескерілген басқа да талаптарды орындау.

4.2.19. Трассамен және көпір жолымен қиылысып өтетін өзен алқаптарын лайланудан және сазданудан қорғау керек, мелиорация дамуынан әрі жолға тиіп тұрған аумағына уылшаруашылығы мен балық шаруашылығын меңгеру. Қажет жағдайда қосымша су өткізетін құрылымдарды әрі эстакадаларды жобалау тиіс.

4.2.20. Тармақ иелері бұру алқабы шегінде, келесіні қамтамасыз етуге тиіс: екпе ағаштарды қорғау орындарында шөп пен ағашты-бұталы өсімдіктерінің көбеюін болғызбау; құрап қалған ағаштың, шөпшектің, кесіп тасталынған қалдықтардың және басқа жанғыш материалдың жиналуын болғызбау; өртке қарсы жыртылмай қалған жерді ені 5 м. ден 9 м. дейін бұру алқабынан табиғи орманына дейін.

4.2.21. Оймақтардың құламасындағы, дуалдардағы, құрылымдардағы, жабдықтарда және теміржолдың басқа объектілеріндегі бұру алқаптарының шегінде келісім-шарт бойынша сыртқы жарнаманы орналастыруға рұқсат етіледі, егер ол теміржолдың қауіпсіз іс-әрекетіне, көз көрерлікке, қимыл қауіпсіздік деңгейін төмендетуге кедергі жасамай, Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген талаптарды сақтайтын болса.

4.2.22. Қимыл-әрекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және теміржолд көлігін қолдануға арналған теміржолдың бұру алқаптарында орналасқан теміржол көліктермен және теміржол объектілірі жоқ жер учаскелері мнe олардың бөлімдері, Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келесі мақсатпен пайдаланылуға рұқсат:

- 1) ауыл шаруашылық өндіріс;
- 2) жолаушыларға қызмет көрсету;
- 3) жүктерді қаттап тастау, жүк тиеу-түсіру алаңдарының құрылымдары, рельстер бойындағы қоймалардың құрылымдары (жанар-жағармай материалдар мен автомай құю станциялардың қандай болса да түрлерінің қоймаларынан басқа, және қауіпті заттек және материалдар сақтайтын қоймалардан басқа);
- 4) тағы басқа мақсатпен қимыл іс-әрекеттің қауіпсіздік ережелерін сақтау жағдайда.

4.2.23. Кез келген объектіні бұру алқабының шегінде орнату жөніндегі келісімді жүзеге асыру үшін арыз беруші магистральді теміржолдық желінің операторына, тармақ

иесіне жер учаскесінің 1:200-1:1000 масштабындағы көлем мен шекарасы, сызбасы анықталған сызба нұсқасын ұсынады.

4.2.24. Уақытша жер иелері ақылы берілген жер учаскелерін бұру алқаптарының шегінде теміржол көліктерінің объектілеріне және қауіпсіздік қимыл іс-әрекетіне кедергі жасамай мақсатқа арнай пайдаланады. Уақытша жер иелері бұру алқаптарының шегінде теміржол көліктеріне арналған жерлерді нормативтік-құқылық құжаттармен белгіленген пайдалану ережелерін сақтауды қамтамасыз етеді.

4.2.25. Автоматика құрылымдарының, телемеханиканың, байланыстың, электроқамтамасыз етудің, жанасқан желінің жолдың және басқа теміржол құрылымдарының зақымдалуына келтіретін теміржолдың бұру алқабының құрылыс-жинақтау жұмыстарын жүргізу тек қана теміржол әкімшілігінің және кәсіпорынның тиісті қызметінің жауапты өкілдің бақылауы бойынша ғана рұқсат етіледі, олардың басқаруында сол құрылымдар бар.

### **4.3 Теміржол көлігінің қорғау зоналарының жерлерін пайдалану ережелері**

4.3.1 Мемлекеттік мұқтаждықтары үшін жерлерді мәжбүрлемелі иеліктен шығару, сонымен қатар теміржол көлігі үшін екі түрлі болуы мүмкін:

1) тұрақты (тұрақты шығын) – бұру алқабы үшін;

2) уақытша (уақытша шығын) - құрылыс кезінде иеліктен шығарылатын және топырақ құнарлылығын қалпына келтіруден кейін қайтарылатын жерлер.

4.3.2 Теміржол көлігінің мұқтаждықтары үшін бұру алқабының шегіндегі жер учаскелерінің шекаралары (бұдан былай – бұру алқабы) жер бұру нормаларының бекітілген тәртібі бойынша және қала құрылысы мен жобалық құжаттамамен анықталып, арнайы таңбамен аймақта белгіленеді. Бұру алқабының шекарасын белгілеу магистральді теміржол желісінің операторы мен бұтақ иелерімен жүзеге асырылады.

Бұру алқаптарының өлшемдерін өзгерту Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген тәртібі бойынша жүзеге асырылады.

4.3.3 Теміржолдардың құрылысы үшін жерлердің бұру алқаптарын ұсыну учаскелерді құрылыс кезеңі бойынша дайындау керек, ол жоба бойынша қарастырылған, және топырақ құнарлылығын қалпына келтіру жұмыстарын алдыңғы құрылыс кезеңінде істегі ережелеріне сәйкес аяқталғаннан кейін рәсімделеді.

4.3.4 Айдауларда бүйір резевтердің, кавальердің, нығайтқыш құрылымдарының, қар тұтқыр орнатулардың және жабдықтардың жоқ болу жағдайларда магистральді жолдары үшін пайдалануға ұсынылатын жерлердің алқаптарының ені үйме үшін биіктігі 12 метрге дейін 4.1 кесте бойынша және оймақтардың тереңдігі 12 метрге дейін 2 кесет бойынша орнатылады.

4.3.5 Елді мекендердің шегіндегі станциялық жолдардың жер пайдалуына ұсынылған жер алқабының ені, кіру бағдаршамынан келесі кіру бағдаршамына дейін үйме етегінен немесе шеткі жолдың оймақ жиектен 3 метр қашықтықта орнатылады.

### ҚР ЕЖ 3.03-116-2014

4.3.6 Кіру жолдарының жер пайдалануына ұсынылған жер алқабының ені, осы ережелер жинағының 4.3.3 (елді мекендерден шет) және 4.3.4 (елді мекендердің ішінде) тараптары бойынша анықталады.

4.3.7 Ауыл шаруашылық мақсаты бар жерлердің темір жолдарын орналастыру кезінде немесе орман қорының жерлеріндегі қосымша жоладр мен жер учаскелері, өткізу қабілетін дамыту үшін, теміржолдардың қосымша жолдарының құрылымдарының 1520 мм включая сооружение дополнительных путей железных дорог колеи 1 мен 2 класстық 1520 мм жалпы желінің сорапын қосып алғанда, арнайы зонасына бөлінеді, сол бойынша күрделі ғимараттардың, құрылымдардың құрылыс және көпжылдық дақылдарды отырғызу рұқсат етілмейді.

#### 4.1 кесте

Үйдiңiң биіктігі, м	Бөлінген жер жолақтарының ені, м											
	1520 мм табанды темір жолдар үшін						750 мм табанды темір жолдар үшін					
	1- және 2-кластар			3,4- және 5-кластар			1- және 2-кластар			3,4- және 5-кластар		
	жер енісі көлденең болғанда											
	1:25- ке дейін	1:10-ға дейін	1:5-ке дейін	1:25- ке дейін	1:10-ға дейін	1:5-ке дейін	1:25- ке дейін	1:10-ға дейін	1:5-ке дейін	1:25- ке дейін	1:10-ға дейін	1:5-ке дейін
1	19	20	22	18	19	21	15	16	17	15	15	17
2	22	23	25	21	22	24	18	19	20	18	18	20
3	25	26	28	24	25	27	21	21	24	21	21	24
4	28	29	32	27	28	31	24	25	27	24	24	27
5	31	32	36	30	31	35	27	28	30	27	27	30
6	34	36	40	33	35	39	30	31	35	30	31	35
7	38	39	44	37	38	43	34	35	39	34	34	39
8	41	43	48	40	42	47	37	38	42	37	38	42
9	44	47		43	46		41	42		41	42	
10	48	51		47	50		44	45		44	45	
11	52			51			47			47		
12	55			54			51			51		

Ескерту - Екі жақты бойлық су бұрғыш орнатқан жағдайда бөлінетін жолақтың ені жобамен белгіленеді.

Көрсетілген кестелердің деректері берілген жер сызығында бір жолды жер төсемінің, су бұрғыш орларында (қажетті жағдайларда) үйме табаны жағынан немесе ойма жиегі бермаларымен бірге орналастыруды ескертеді.

Жер төсемінің берілген элементтерінің параметрлері теміржол аралықтарын жобалау жөніндегі нормативтік құжаттарына сай 1520 мм, магистральдік жалпы желілеріне жол аралығы 1520 мм, ал өнеркәсіптік теміржол аралығы 750 мм қабылданған.

Егер жер төсемінің параметрлеріне өзгерістер енгізілген жағдайда берілген нормативтік құжаттардың кезекті қайта қарастыруында осы нормалар тиісті өзгерулері керек.

Магистральдік жалпы желілерінің жол аралығының екі және оданда көп жолдарының төсемдерін орналастыруда тиісті оның қосымша жолының ені кеңейеді.

Үйме табанының немесе ойма жиегінің арасындағы сақтандыратын телімінің кеңдігі 2 м белгіленген, бойлық жиегінің немесе су бұрғыш ордың және беру телімінің шекарасы - 1 м. белгіленген.

## 4.2 кесте

Оймақтың тереңдігі, м	1520 мм темір жолдар үшін						750 мм табанды темір жолдар үшін					
	1- және 2-кластар			3,4- және 5-кластар			1- және 2-кластар			3,4- және 5-кластар		
	жер еңісі көлденең болғанда											
	1:10-ға дейін	1:5-ке дейін	1:3-ке дейін	1:10-ға дейін	1:5-ке дейін	1:3-ке дейін	1:10-ға дейін	1:5-ке дейін	1:3-ке дейін	1:10-ға дейін	1:5-ке дейін	1:3-ке дейін
1	26	27	33	25	26	32	22	23	27	22	23	27
2	29	31	36	28	30	35	25	27	31	25	26	31
3	32	34	40	31	33	39	28	31	35	28	30	35
4	35	37	44	34	36	43	31	33	39	31	33	39
5	38	40	48	37	39	47	34	36	43	34	36	43
6	41	44	52	40	43	51	37	40	47	37	40	47
7	44	47		43	46		40	43		40	43	
8	47	50		46	49		43	46		43	46	
9	50			49			46			46		
10	53			52			50			49		
11	56			55			53			52		
12	59			58			56			55		

4.3.8 Темір жолдардың жекелеген учаскелерін суарылатын немесе құрғатылған жерлерге, егістік жерлерге, көпжылдық жеміс ағаштары, жүзім егілген және I топты ормандар орналасқан жер учаскелеріне орналастырғанда (ерекше жағдайларда) 1 және 4.2-кестелердің нормаларына қарағанда жер жолақтары енінің азаюын қамтамасыз ететін жолды осы жерлер арқылы (эстакадалар, сүйеу қабырғалар, су бұратын науаларын орнатумен) өткізу жөнінде шешім жобаларының нұсқаларын әзірлеу керек.

4.3.9 Берілетін жер жолағының ені 4.1 және 4.2-кестелерде көрсетілген нормаларға қарағанда жобада тиісті негіздемелер болғанда мына жағдайларда кеңейтіледі:

а) жер төсемі мен су бұру имараттары жеке жобаланатын учаскелерде (соның ішінде темір жолдарды жобалау жөніндегі ҚНЖЕ-ге сәйкес биіктігі 12 метрден асатын үйінділер, еңістігі 12 метрден асатын орлар және басқалар);

б) қорлардан үйінділер тұрғызғанда және орларды қазып дуалдар жасағанда;

в) жасанды, опырылуға және көшкінге қарсы имараттар, өтпелер, арнайы жыра, жағаныңайтатын және мүжілуге қарсы екпе ағаштар отырғызылған жерлерде;

г) станцияларда, айырықтарда, озба бекеттерде, оларда қажетті ғимараттардың, имараттар мен құрылғылардың ескеріліп орналасуы;

д) қардан және құмнан қорғайтын құрылғылар мен екпе ағаштар орналасқан учаскелерде;

е) аралықтарда желілік-жол және басқа да темір жолдарды пайдаланумен байланысты ғимараттар, объектілер мен имараттар орналасқан жерлерде;

ж) теміржолдың қоршайтын құрылымын станцияларда әрі елді мекендерге жақын орналасқан жерлерде орнату үшін және мал жаю мақсатында.

4.3.10 Жолды, қағида бойынша, берілетін жер жолақтарының ұлғаюына әкеліп соғатын қар, құм және топырақ басудан қорғау бойынша іс-шаралар жобасын әзірлегенде

нормативтік құжаттарды басшылыққа алу керек, бұл кезде тоқтатқыш тұрақты дуалды бір қатары 4 метрге тең болатын жер жолағының енін ескеру керек.

Тұрақты қорғағыш дуалдарды орналастырғанда жер жолақтарының шекаралары арасындағы тоқтатқыш тұрақты дуалдарға және магистральдік жолдарға берілген жерлерді жер пайдаланушылар мен жер учаскелері иелері ерекше шарттар бойынша пайдаланады.

Қажет болған жағдайда дуалдар жер пайдаланушы мен жер учаскелері иелерінің келісуі бойынша көлік құралдарының және ауылшаруашылық техникасының өтуі үшін ажыратылып салынады.

4.3.11 Темір жолдардың құрылысы кезінде мемлекет мұқтаждықтары үшін мәжбүрлемелі иеліктен шығарылатын жерлерге қосымша (тұрақты шығын), құрылыс және буын құрастырғыш базалар, жинақтау алаңдары мен құрылыс-жинақтау тетіктерін орналастыратын, материалдар мен жабдықтарды қоймалауға арналған алаңдар, карьер қабатына және трасса маңындағы резервтерге, уақытша кірме жолдарға және басқа да уақытша құрылғыларға арналған уақытша жер пайдалануға берілетін жерлердің де иеліктен шығарылуы орындалады (уақытша шығын). Бұл учаскелер темір жол жобасының «Құрылысты ұйымдастыру» тарауымен белгіленеді.

Құрылыс аяқталғаннан кейін уақытша пайдалануға берілген учаскелер қолданылып жүрген ережелер мен нормативтерге сәйкес қалпына келтіруге жатады және бұрынғы жер пайдаланушылар мен жер учаскелерінің иелеріне қайтарылады.

Сондай-ақ темір жолдардың құрылысы кезінде жобада көзделген байланыс желілерін, бойлық электрмен жабдықтау желілерін және сигналдау, орталықтандыру және бұғаттаудың сигналдау құрылғыларын қоректендіру желілерін салғанда да жерлер уақытша пайдалануға беріледі.

Аталған желілерге уақытша берілетін жолақтардың ені қолданылып жүрген ведомстволық жер беру нормалармен белгіленеді, бұл кезде жолақтардың құрамынан болашақта тұрақты пайдаланылатын (тұрақты шығын) жер учаскелері (күшейткіш орындарды, бөлу желілік тораптары мен байланыс желілерінің басқа да имараттарын; электр беру желілерінің тіректерін, жер үсті кабельдік имараттарын, қосалқы станцияларды, бөлу орындарын және басқаларды орналастыру үшін) мен желілердің құрылысы мен жинақтау кезеңіне ғана жер пайдалану (уақытша шығын) учаскелері бөлініп алынады.

Қардан және құмнан қорғау құрылғылары мен екпе ағаштар, электрберу желілері орналасқан учаскелерде байланыс желілері мен шеткі жолдың білігінен жол мен отырғызылған ағаштардың (немесе қардан қорғайтын дуалдың) арасындағы бос кеңістік шегінде белгіленген арақашықтықта өткізіледі. Байланыс желілерінің, бойлық электрмен жабдықтау желілерінің, сигнализациялау, орталықтандыру және бұғаттаудың сигналдау құрылғыларын қоректендіру желілерінің құрылысы кезінде уақытша пайдалануға берілген жер жолақтары, қайта құнарландырылғаннан кейін бұрынғы жер пайдаланушылар мен жер учаскелерінің иелеріне аталған желілердің сақталыну шартымен және жер учаскелерін Қазақстан Республикасы аумағында қолданылып жүрген қорғалатын аумақтар туралы ережелерге сәйкес қайтарылады.

4.3.12 Темір жол жобасын әзірлегенде жер пайдалануға ұсынылған жерлердің аумағын белгілеумен қатар қажет болған жағдайда ерекше шартпен пайдаланылатын

аймақтар да белгіленеді. Аталған аймақтардың шекаралары мен олардағы жерлерді пайдалану тәртібін қолданылып жүрген нормаларға және жобалау-техникалық құжаттарға сәйкес жерді беру туралы шешім қабылдаған орган белгілейді.

4.3.13 Теміржол имараттарының сақталуын, тұрақтылығын, беріктігін және жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында темір жолдарды орналастыру үшін жер учаскелерін беруді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар темір жолдарға берілетін жолақтарға енгізілмейтін темір жолдардың бақылауына жататын аймақтарды белгілейді, олардың шегінде ғимараттар, имараттар, инженерлік коммуникациялар және басқа да объектілер жобалауға және салуға, уәкілетті темір жол органдарымен алдын-ала келіспей мал бағуды ұйымдастыруға мына жерлерде тыйым салынады:

- елді мекендерден тыс жерлерде – темір жолдарға берілген жолақтардың екі жағынан 50 метрден кем болмайтын қашықтықта;

- елді мекендерде - темір жолдарға берілген жолақтардың екі жағынан 20 метрден кем болмайтын қашықтықта.

4.3.14 Бұру сызықтардың өлшемінің өзгертуді Қазақстан Республиканың заңымен бекітілген ережелері бойынша жүзеге асырылады.

Инженерлік коммуникациялардың, жол өтпенің, өткелдің, байланыс желістің, электр берудің, мұнай-, газ құбырлардың, тағы басқа теміржолдағы объектілерді қиятын құрылымдардың бұру сызықтың шегінде іске асырылатын құрылыс пен орналастыру шарттары (немесе олардың тікелей маңында орналасқан құрылымдардың), олардың иесі мен магистральді теміржол желісінің операторлары арасындағы келісім-шарттармен мемлекеттік стандарттар мен нормативтік құқықтық актілеріне сәйке анықталады.

4.3.15 Бұру сызығының шегінде магистральді теміржолдардың операторы және тасымалдау процесінің барлық қатысушылары міндетті: жер учаскелерін олардың нысаналы пайдалану; жерге табиғи объекті ретінде зиян келтірмеу; жер учаскелерін эрозия мен дефиляциядан қорғау шараларын іске асыру; өртке қарсы және басқа жер қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру. Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген басқа да талаптарын сақтау.

4.3.16 Трассамен және көпір жолымен қиылысып өтетін өзен алқаптарын лайланудан және сазданудан қорғау керек, мелиорация дамуынан әрі жолға тиіп тұрған аумағына уылшаруашылығы мен балық шаруашылығын меңгеру. Қажет жағдайда қосымша су өткізетін құрылымдарды әрі эстакадаларды жобалау тиіс.

#### **4.4 Жер бұру сызықтарына іргелес қорғау зоналарының жер учаскелерін теміржолдар мұқтаждықтары үшін пайдалану**

4.4.1. Теміржол көлігінің қорғау зоналары (бұдан былай – қорғау зоналары) теміржол мұқтаждықтар үшін елдің қауіпсіздігі мен жер учаскелеріндегі жер бұру сызығына іргелес объектілерді қауіпсіз қолдану мақсатында орнатылады.

4.4.2. Зоналарды орнату мақсаттарымен сәйкес келмейтін қайраткерлік түрлері шектеулі қорғау зоналары жер пайдаланудың ерекше шарттары бар жерге жатады.

4.4.3. Қорғау зоналардың өлшемі мен шекарасы, жер пайдаланудың ерекше шарттарының шегінде жер төсеміне және теміржол көлігінің жасанды құрылымдарына

зиянды әсер ететін мүмкіндіктерді шығарып тастайтын қорғау зоналарын орнату қажеттілігі, физикалық-географиялық, жер қыртысының, гидрологиялық және басқа негіздері бойынша құрылыс жобаларында анықталады.

4.4.4. Жер учаскелердің иелері мен жер пайдаланушылар қорғау зоналардың шекарасы бойынша жер учаскелерінде шаруашылық іс-әрекетті қоладнудағы қорғау зоналардың жерін пайдалану ережелерімен бекітілген шектеулерге сай жүзеге асырады.

4.4.5. Тыйым салынған (қауіпті) зоналардың және аймақтардың өлшемі арнайы нормативтік құжаттар бойынша анықталады, ол құжаттар мемлекеттік бақылау органдарымен, министрлікпен, мекемемен бекітілген және сол объектілер олардың меншігіне жатады.

4.4.6. Қажетті қорғау құрылымдар мен құралдар (қар- және құмдан қорғау, опырауға қарсы, көшкінге қарсы, тасқынға қарсы құралдар, қорғау орман алқабы және тағы басқа) теміржолдың бұру сызығында әрі оның шегінен тысқары орналасуы мүмкін, ал арнайы қорғау зоналарында тек жер иелерімен келісіп және жер заңына сай орналасады.

4.4.7. Суғарыланған немесе құрғап кеткен жерлерде, жыртылған жерде, жер учаскелерінде орналасқан, көпжылдық жеміс беретін көшеттері мен жүзімдігі бар жолдың күртіктелі орындарында және станцияның айналасында (сұлбалы қорғау), қар басып кетуден қорғауды сонымен бірге қар тоқтататын орман көшеттерімен жүзеге асыру қажет. Қар тасымаладуының көлемі қыс аралығында 1 метрге  $100\text{ м}^3$  ден астам болса, онда жер сызықтардың енін жолдың әр жағынан 4.3 кесте бойынша қабылдау керек. Сол кестеде қалған жерлердегі жолдың күртік орындары үшін нормалар көрсетілген.

4.4.8. Жерді тұрақты қардан қорғау құралдары үшін пайдалануға тыйым салынады:

1) 1 м жолдың үймеде, жыртылған жерде, жер учаскелерінде, әрі көпжылдық жеміс беретін көшектері және жүзімдіктері бар жерлерде 50 м<sup>3</sup> артық жылдық қар тасымалдау есебі бойынша;

2) қалған жерлердегі 1 м жолдың 25 м<sup>3</sup> кем жылдық қар тасымалдау есебі бойынша;

3) 8,5 м тереңдігі бар оймақтар үшін;

4) 0,7 м және одна артық биіктігі бар үймелер үшін, ал тау баурайда және жолдың қатты күртік орындарында (қыс аралығында тасымалды қардың көлемі 1 м жолға 200 м<sup>3</sup> болғанда) - 1 м және одан артық.

4.4.9. Қатты желдерге ұшырағыш теміржол учаскелері үшін (жылдамдығы 15 м/с және одан да көп), мұз пайда болу орындарында және ауыл шаруашылығына жатпайтын немесе ауыл шаруашылық өсімдіктерді өсіру мүмкінсіздігі жоқ жолды ұсақ топырақпен күртіктену жерлерінде, арнайы желді бастыру мақсатында жасалынған ағаш отырғызу шараларын қарастыру керек. Күшті желдің ұмтылыстары поездың қозғалысының қауіпсіздігіне әсер етеін жағдайларда, ауыл шаруашылығына арналған жерлерінде. Ағаш отырғызу шаралары рұқсат етілген.

4.4.10. Қар тоқтататын және басқа қоршауларды су бұру шұқырлардың сырт жағындағы қар борауының қабаттарын есепке алып, нөл таңбалы орындарында және үймелерде орналасқан шеткі жолдан 15 м шақырымда орнату керек.

Бұрқасын аудандарда жел күшін азайтатын өсірмелердің, орман сызықтарының

конструкциясының, және көк ағаш өсімелердің енін қар тоқтату түріне сәйкес алу керек. Бұрқасын байқалмайтын ауадандарда, сондай орман сызықтарының енін 12 м тең өлшем алу рұқсат.

#### 4.3 кесте - Күртік қарға ұшырайтын жол учаскелер сызықтарының кеңдігі

Жылдық қар тасымалдау есебі, м <sup>3</sup> /м	Екпе ағаш сызықтарының кеңдігі, м		
	сұрғылт түсті топырақта және қара топырақта, сортаң топырақтан басқа, сұр тоғай жер қыртысында	сортаң қара топырақтарда және н албарқын қыртысында	талшынды, ал қоңырды, сұрғылт қыртысында және сортаң жиыны қыртысында
Көп жылдық өсімдіктер мен жүзім алқаптары, егістіктер және суармалы немесе құрғатылған жерлерде орналасқан жол учаскелері үшін			
100	33	40	50
125	42	50	50
150-200	50	50	50
Қалған жерлерде орналасқан жол учаскелері үшін			
25	8	10	12
50	16	20	25
75	25	30	38
100	33	40	50
125	42	50	63
150	50	60	75
200	67	80	100

Ескерту - қарды тасымалдауда қар тоқтататын екпе ағаш жерлердің кеңдігі 1 м жолда 200 м<sup>3</sup> астам және станция аумақтарын қорғау жоба бойынша анықталады

4.4.11 Көшпелі құмдар аудандарында, теміржолдың білігінен 500 м кем емес әр жақтан орнатылады, бұру алқабын қоса алғанда.

Көшпелі құмдар ауданының қорғау зоналарында табиғи жер қыртысының бұзуы, өсімдіктерді жою, түскен құрғақ шөп, мал жаю, көліктің жүруі рұқсат етілмейді.

4.4.12 Құмды аумақтарды қиятын теміржолдардың бойында, құмды теміржол төсемдеріне тасымалдаудан қорғайтын жабдықтар мен құрылымдарын қамтамасыз ету қажет, бірінші кезекте фитомелиоративтік және басқа сақтау шаралары арқылы. Құмды жерлерді қорғау фитомелиоративтік шараларға арналған жол ені жартылай шөлді немесе шөлді аудандарының әр жағынан 200 м кем емес, ал қалғандарда - 100 м кем емес болуы тиіс.

4.4.13 Фитомелиоративті шаралар зонасынан кейін ені 500 м кем емес қорғау зонасын жартылай шөл және шөл аудандарда ұсыну керек, қалғандарда 100 м кем емес, сол аудандарда құмның қозғалысын күшейтетін іс-әрекеттерге тыйым салынған (өсімдіктерді жою, мал жаю, жер қыртысын бұзу).

### ҚР ЕЖ 3.03-116-2014

4.4.14 Дамудағы аңғарлардың, көшкіннің, шөгінділердің, тасқындардың және басқа табиғи қауіпті процестердің әсерінен жолдарды және құрылымдарды қорғайтын жер қыртысын күшейтетін ағаш отырғызуларды қарастыру қажет, олар қажет жағдайда нормативтік құжаттамамен бекітілген басқа инженерлік құрылымдармен бірге жер төсемін жобалау кезінде қолдану керек. Жер қыртысын күшейтетін ағаш отырғызулар тек топырақтың деформациясы болған жерлерде ғана емес, сонымен қатар әлеуетті қауіпті жерлерде және суағар пайда болатын жерлерде пайдалану керек.

4.4.15 Орман қорындағы күзет зоналары шеткі теміржолдың осінен 500 м қашықтықта орнатылады.

Орман қорының күзет зоналарында ағаш-бұтақ өсімдіктердің тұтас жоюы рұқсат етілмейді, тек санитарлық пен орманды қалпына келтіру кесу шараларды қоспағанда.

4.4.16 Өзен алқабында, өзен жағасының бойында және су қорларында орналасқан күзет зоналарында теміржол үмесінің жуылып кетуінен және су реттейтін көпір бойындағы құрылымдардың сақтау мақсатында, мал жаюға, қорғау ағаш өсімдіктерді жоюға тыйым салынады.

4.4.17 Теміржол объектілердің келешекте кезең-кезеңмен дамуына қажетті күзет зоналардың өлшемдері, техникалық-экономикалық есебінің нәтижесі бойынша, болашақ алғашқы шығындарды үнемдеуді есепке алғанда анықталады және магистральді теміржол желісінің дамуын қамтамасыз ететін жүк тасу көлемінің өсуіне қарай және теміржолды пайдалануға енгізілген күннен бастап 25 жыл өткен кейін теміржол көлігінің қуатын жету мен дамытуына мүмкіндік береді.

4.4.18 Теміржол желісінің трассасын қауіпті техногендік процестердің әсер ету зоналардан шығару мүмкіндігі болмаған жағдайда (әзірленген аумақтар, бөгеттің бұзылу кезіндегі су басу және тағы басқа) арнайы қорғау шаралары қарастырылу керек.

4.4.19 Жер учаскелердің беткейлік процестеріне ұшырағыш сейсмикалық қауіпті зоналарында (7 балл мен одан артық), теміржол жолының трассасының және қорғау құрылымдардың конструкцияларының жайы трассалардың беткейлік процестерінен тыс немесе тоннельге кету жағдайының варианттарымен техникалық-экономикалық салыстыруға жатады.

4.4.20 Қар көшкіндерінің әсеріне ұшырағыш теміржол учаскелері үшін, алдын-ала дайындалған шараларды қарастыру керек.

4.4.21 Теміржолдың жолына малдың шығу немесе ірі жабайы жануарлардың шығу мүмкіндігі бар жерлерде теміржолдың барлық категориялары үшін қоршау құрылымдарын қарастыру керек, олар жануарлардың көшуі кезінде қажет болады.

4.4.22 Күзет зоналардың өсімдіктерін орман өртінен қоршау керек, ол үшін топырағы бар орман соқпағын шекарасы бойына қамтамасыз ету қажет.

#### **4.5 Мемлекеттік мұқтаждықты үшін жер учаскесін мәжбүрлемелі айналымнан шығару (темір жол құрылысы)**

4.5.1. Жер учаскесі ерекше жағдайларда мәжбүрleme ретінде мемлекет мұқтаждықты үшін айналымнан сот шешімі бойынша шығарылуы мүмкін, егер сол мұқтаждықты қанағаттандырудың басқа амалы жоқ болса әрі мүлікті тепе-тең өтеу жағдайда.

Ондай ерекше жағдайға мәжбүрleme ретінде мемлекет мұқтаждықты үшін заңмен ескерілген айналымнан шығару басқалармен қатар жол құрылысы жатады.

4.5.2. Жер учаскенің мәжбүрlemелі мемлекет мұқтаждықты үшін айналымнан шығару мемлекеттік мұқтаждықты қанағаттандырудың басқа (альтернативті) амалдары болса рұқсат етілмейді.

4.5.3. Мемлекеттік емес заңды тұлғалардың коммерциялық мақсаты бар мүлікті немесе қандай да бір қоғамдық мақсаттары жоқ мүлікті айналымнан шығару мүмкін емес. Сол жағдайларда мүліктің айналымнан шығарылуы тек мүлік иесі мен коммерциялық мақсаты бар тұлға арасындағы мүлікті сату-сатып алу келісім-шарт бойынша ғана рұқсат.

4.5.4. Жер учаскенің мәжбүрlemелі мемлекет мұқтаждықты үшін айналымнан шығару тек мемлекеттік мұқтаждықты қанағаттандыруға жеткілікті көлемінде ғана жүзеге асырылады.

4.5.5. Уақытша пайдалануға берілген жер учаскенің мәжбүрlemелі мемлекет мұқтаждықты үшін айналымнан шығару (теміржолдың құрылысы), егер ұсынылған құқық пайдаланушымен мемлекеттен сатып алынған болмаса, жүзеге құқықтың сатып алуынсыз асырылады. Жер пайдаланушыларға шығындар түгел көлемінде өтеледі, соныме бірге олардың қалауы бойынша басқа жер учаскесінің ұсынуы мүмкін.

4.5.6. Жер учаскенің немесе басқа жылжымалы мүліктің мәжбүрlemелі мемлекет ерекше Қазақстан Республикасының Жер Кодексімен қарастырылған мұқтаждықты үшін айналымнан шығаруының басталуы туралы, Қазақстан Республикасының үкіметімен немесе жергілікті атқарушы органымен Жер Кодексімен белгіленген құзыреті бойынша, қаулы шығарылады.

4.5.7. Көрсетілген қаулылар шыққан уақыттан 3 күн аралығында республикалық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында басылымға жатады.

4.5.8. Жер учаскесіне меншік құқығы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тіркелмеген жағдайда, жер иесі аталған қаулыны қабылдағаннан кейін, жерге жеке меншік құқығы жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асыруы мүмкін, қаулы сол жер жөнінде қабылданған болса. Бұл жағдайда мемлекеттік мұқтаждықты үшін мәжбүрлі айналымнан шығарудың қаулымен белгіленген мерзімі, 6 айға ғана жалғастырылады, одан артық емес.

